

Тексерілді: *Акеріп*  
Әдіскер А.К.Керуенбаева

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 06- 10 ақпан айы 2022-2023 оқу жылы

Апта күні	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Баламен жеке жұмыс	Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата- ана ларға кеңес беру жұмысы
Жұма 10.02.2023ж. «Балбөбек» ортаңғы тобы	<p>«Қ», «Ү» дыбыстары. Үй және орман жануарлары. «Шаттық шеңбері» (кимылмен көрсету) Біз ерекше баламыз, Айтқан тілді аламыз, Достарымды көргенде, Қуана қарсы аламыз, Сәлем, сәлем, сәлем! Балалар келесі жұмбақтың шешімін табындар: Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар? -жарайсындар, балалар. Төрт аяғы бар, Басында екі таяғы бар, Иегінде екі сакалы бар. -Өте жақсы, жарайсындар, балалар. Ал осы жұмбақтың шешуіндегі қой, түйе, ешкі қайда мекен етеді? Балалар жауабы.</p> <p>«Төлдерді тамақтандыр» тыныс алу жаттығуы. Пластик ыдыстарға төлдердің ауыздары ашылып тұрған бейнелері жапсырылады. Жасыл және сары түсті жұмсақ қағаздан умаждалып жасалған дөңгелек пішінді тағамдарды төлдердің ауыздарына кіргізу (үрлеп). Әр балаға бір-бір төлден және бірнеше тағамдардан беріледі.</p> <p>Артикуляциялық жаттығу. «Қ» мен «Ү» дыбысын дұрыс айтуға үйрету. - Қы-қы-қы, - Бұл жүйрік жыл-жы! - үр-үр-үр, - Аулада сиыр жүр! - Ой-ой-ой, - Моп-момақан қой!</p> <p>«Не артық?» ойыны. Шарты: жануарлар арасынан артық суретті табу. Кәне, балалар мен сендерге сиқырлы қорап алып келдім. Қараңдаршы, мына ойыншық қалай аталатынын білесіңдер ме? (допты көрсету). - Дұрыс, бұл доп - Доптың пішіні қандай? (дөңгелек) - Түсі қандай? (сары) - Доптың кимылы қандай? (секіреді)</p>	<p>«Төлдерді тамақтандыр» тыныс алу жаттығуы. Пластик ыдыстарға төлдердің ауыздары ашылып тұрған бейнелері жапсырылады. Жасыл және сары түсті жұмсақ қағаздан умаждалып жасалған дөңгелек пішінді тағамдарды төлдердің ауыздарына кіргізу (үрлеп). Әр балаға бір-бір төлден және бірнеше тағамдардан беріледі.</p>	<p>тәрбиешілерге артикуляциялық аппаратты дамыту жөніндегі жұмыстарды жалғастыруды ұсыну.</p>

	<p>- Балалар, доппен кімдер ойнайды? (балалар ойнайды)  - Дұрыс айтасындар. - Балалар, мына ойыншық не деп аталады? (аю)  - Аю қатты ма, жұмсақ па? (жұмсақ)  - Аюдың түсі қандай? (ақ)- Аю туралы тақпақ кім айтады?  Балалар, сендерге өздерінің сүйікті ойыншықтарың бар. Сол ойыншықтарыңды сындырмай, таза ұстау керек. Өз сүйікті ойыншықтарын туралы маған әңгімелеп беріндерші? Ал, балалар біз енді сергіту сәтін өткізейік.  <b>Сергіту сәті:</b> «Қоян» (жимылды көрсету)  Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды,  Ойлы - қырлы жерлермен, Бітқып - ытқып секірді.  <b>«Көк шалғында демалдық» рефлексиясы.</b>  Тынығуға шақыратын, ауылдың әдемі таңын бейнелейтін тамаша әуен қосылады.  - Балалар, барлығымыз аяқниімді шешеміз. Оны кілемнің шетіне қоямыз. Енді, балалар, кілемге ыңғайланып жатамыз да, көзді жұмып, мұрнымызбен ауаны ішке тартып, аузымыздан шығарайық. Мына әдемі әуенді естіп, ауылда апамыздың үйінде демалып жатырмыз деп ойлайықшы.  <b>Күтілетін нәтиже:</b> ойыншықтармен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап береді. Қ, Ү дыбыстарын анық айтады.</p>		
<p><b>Жұма</b>  <b>10.02.2023ж.</b></p> <p>«Балдыған»  ересек тобы</p>	<p><b>Біздің үйдегі көмекшілер.</b> «Жеңіл - ауыр. Суық - ыстық».  Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!» Ырғақты сәт.  Педагог ырғақты әуенді қосып, балаларды робот сияқты билеуге шақырады. Мына әуен біз тыңдайтын әуенге ұқсамайды. Бұл не болуы мүмкін? Аудиотаспалар тыңдау.  Педагог тұрмыстық техника шығаратын дыбыстарды қосады. - Сендер таныдыңдар ма? Ненің дыбысы?  Балалардың болжамдарын тыңдау. - Жарайсындар! <b>Сурет бойынша сөздік жұмыс.</b>  <b>«Тұрмыстық техника».</b>  Балалар орындықтарға отырады. Бүгін әрқайсымыздың үйімізде бар заттар жайлы айтамыз.  <b>Өлеңді мәнерлеп оқу.</b>  Педагог: - Тұрмыстық техниканың қандай көмегі бар екен? Тыңдаңдар. Педагог тақпақты мәнерлеп оқиды.  Тоназытқышты ашыңыз, Салқындап тұр асыңыз. Сүтті, айранды ішіңіз Етіңізді асыңыз.  Электр шайнегім жәйменен,  Ызылдауға көшеді. Суы қайнап кетсе егер, Өз бетімен өшеді. Өте пысық үтігім, Басты киім түтігін.  Көйлегімді әдемі, Киіп жүрем күтініп. Маған жаны ашиды, Ол - кір жуу машинам.  Ақ орамал, жайманы,  Өзі жуып алады. Отбасының жұмысын, Өзі ғана ойлайды. Демалып тұр электр пешім,</p>	<p>Еске сақтауға арналған сөздік-дамытушылық жаттығу. «Таныс сөзді тап».  Педагог төрт жолдан тағы да оқиды, балалар мұқият тыңдап, жана сөздерді табады.  Балалар электр құралдарын атағанда педагог әрқайсын жеке сұрап бекітеді. Түбірлес сөздерді атағанда балалар ұмытпау үшін,</p>	<p>Суреттерге қарап 4-5 сөйлем құрастыру, тұрмыстық техниканың сақтық шараларын айту. Қарама-қарсы мәндес сөздерге мысалдар келтіру.</p>

Тексерілді: *А. Керім*  
Әдіскер А.К.Керуенбаева

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортанғы тобы

Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 13-17 ақпан айы 2022-2023 оқу жылы

Апта күні	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Баламен жеке жұмыс	Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы
Жұма 17.02.2023ж.  «Балбөбек» ортанғы тобы	<p><b>Нелер қалай дыбыстайды?</b> Ғажайып сәт. Балапанның суретін көрсету. Педагог: - Балалар, бізге қонаққа Балапан келді. - Балалар, бұл Балапан ауылда өмір сүреді. Балапан шалғынға шығып қыдырады. - Қане, балалар, ол жақта тағы нелер серуендеп жүргенін көрейік. <b>Аудиожазба тыңдау.</b> Сиыр, жылқы, қой, ешкінің дауыстары шығады. <b>«Дауысын танысаң, не екенін айт!» сөздік жаттығуы.</b> Үй жануарларының (сиыр, жылқы, қой, ешкі) төрт суреті шашыранқы түрде ілінеді - Балалар, бұл дауыстарды танып тұрсындар ма? - Бірінші болып ... дауысы шықты. Дарига, сол суретті алып келші. Дұрыс! Сиыр. Қайталаймыз. Жарайсыңдар!- Екінші болып ... дауыстады. Иә. Мынау ешкі. Қайталаймыз. Жарайсыңдар! - Үшінші дауыс ... ның дауысы. Мынау жылқы. Қайталаймыз. - Төртінші дауыс ... дың дауысы. Мынау қой. Қайталаймыз. Жарайсыңдар! <b>Көркемсөз.</b> - Мө-мө-мө, - деп сиырым Сүт толтырды ыдысқа. (Сиырдың суретін көрсету.) - И-һо-һо, - деп алыстан Жылқым кісіней бастады. (Жылқының суретін көрсету.) - Ме-ме-ме, - деп ешкім де Сүтін берді ішуге. (Ешкінің суретін көрсету.) - Мә-мә-мә, - деп ән салып Қойларым тұр ойланып, (Қойдың суретін көрсету.) - Не береді қой бізге? Ойлап көрейік біз де! (Автор: Тусипжанова - Шагирова А. Т.) <b>Көркемсөзді қайталау.</b> Мәтін мен суреттер бойынша сұрақтар. <b>Артикуляциялық жаттығулар.</b> <b>«Күлу», «Ине», «Әткеншек», «Кесе», «Тәтті тосап» (жоғарғы тісті жалау), «Тістерді тазалаймыз», «Аттар», «Сылақшы». Ү дыбысының артикуляциялық қалпы</b></p>	«Дауысын танысаң, не екенін айт!» сөздік жаттығуы. Үй жануарларының (сиыр, жылқы, қой, ешкі) төрт суреті шашыранқы түрде ілінеді - Балалар, бұл дауыстарды танып тұрсындар ма?	Бала бойында баланың тілдік қабілетін арттыратын педагог пен балалар арасындағы оң қарым-қатынастарды қалыптастыру. Балалардың сөйлеу белсенділігін арттыру үшін әр бір дұрыс іс-әрекетіне немесе мазмұнды әңгіме, сұрақ-жауап барысында оларға күлімдеп, жақсы рең білдіріп, : «Жақсы!», «Жарайсың!».

	<p><b>Күтілетін нәтиже:</b> қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтады. Үй жануарлары – төрт түлікті дауысынан ажырата алады.</p>		
<p><b>Жұма</b> 17.02.2023ж.</p> <p>«Балдырған» ересек тобы</p>	<p><b>Ертегі «Түлкі мен тырна».</b>  <b>Шаттық шеңбер «Жүректен жүрекке»</b>  Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан.  Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын кең аспан.  Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз.  <b>Түлкі мен тырна (Орыс халық ертегісі)</b>  Түлкі мен тырна дос болыпты. Бір күні түлкі тырнаны қонаққа шақырыпты. Маған қонаққа кел, мен дәмді тамақ пісіріп қоямын. Тырна түлкінің үйіне келеді. Түлкі ботқа пісіріп, жайпақ табаққа салып, тырнаның алдына қояды. Тамақ ал, қымбаттым. Өзім пісіріп едім.  Тырна табақты тұмсығымен шоқып-шоқып, ештеңе жей алмады. Ал түлкі болса ботқаны тілімен жалап тауысады. Бәрін жеп болған түлкі: Айып етпе, басқа берер тамағым жоқ,- дейді. Осыған да рахмет. Енді, сен маған қонаққа кел. Келесі күні түлкі тырнаға қонаққа келеді. Тырна салқын сорпа әзірлеп, құмыраға құйып, дастарқанға қояды. Же, қымбаттым, қысылма,- дейді. Түлкі құмыраны ары-бері айналып, сорпаны іше алмады. Құмыраға басы кірмей қояды. Ал тырна ұзын тұмсығымен тамақты шоқып жей береді. Сөйтіп бәрін жеп болған тырна, түлкіге: Ренжіме, басқа берер тамағым жоқ,- дейді. Осылай бір аптаға тойып қайтам деген түлкі үйіне аш қайтыпты.  Ертегі мазмұнын мұхият тыңдап, мазмұнын сұрақ-жауап арқылы баяндау, балалар өз бетінше сипаттайды. Кейіпкерлердің жақсы мен жаманды ажыратады. Ертегіні сахналау, интонациямен сөйлеу.  <b>Ойын: «Дыбысынан таны»</b>  Жануарлардың дыбысын ұнтаспадан шығару арқылы ажырату.  «Ұшты ұшты» ойыны  Ойын бастаушы айнала отырған ойыншыларды жаңылыстыру үшін тез тез ұшатын және ұшпайтын заттарды араластыра айтып отырады. Шарт бойынша, тек ұшатын зат аталғанда ғана ойнаушылар қолдарын көтеру керек. Ал егер кімде кім ұшпайтын зат аталғанда қолын көтеріп қойса, айыбын тартып, бір жануардың қимылын көрсетеді. Ойын осылай жалғаса береді.  <b>Сергіту сәті</b>  Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды. Ойлы-қырлы жерлерден Ытқып-ытқып жүгірді.  Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің. Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің.  Қорытындылап, балаларды мадақтау.  <b>Күтілетін нәтиже:</b> ертегіні сахналайды; ертегінің мазмұнын түсінеді; ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп айтады, сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Түлкі мен тырна (Орыс халық ертегісі)</p>	<p>Достық тақырыбына ертегілер, әңгімелер оқып беру, мақал – мәтелдер жаттау</p>

Бойы суып кетіпті.  
Басып қалсам тетігін, Пісіреді етінді. Көрсетеді қолғабыс, Ол кішкентай шансорғыш.  
Тазалайды үйінді,  
Томпайғанша бүйірі.

**Еске сақтауға арналған сөздік-дамытушылық жаттығу. «Таныс сөзді тап».**  
Педагог төрт жолдан тағы да оқиды, балалар мұқият тыңдап, жаңа сөздерді табады.  
Балалар электр құралдарын атағанда педагог әрқайсын жеке сұрап бекітеді.  
Түбірлес сөздерді атағанда балалар ұмытпау үшін, педагог қайталап айтып отырады.  
- «Шайнек» сөзі қандай сөзге ұқсайды? (Шай сөзіне ұқсайды.) Жарайсыңдар!  
- «Тоңазытқыш» сөзі қандай сөзге ұқсайды? (Тоңу сөзіне ұқсайды. Қайталайық.  
Жарайсыңдар!  
- «Кір жуу машинасы» сөзі қандай сөзге ұқсайды? (Жуу.) Дұрыс.  
- «Шансорғыш» сөзі қандай сөзге ұқсайды? (Шаң сөзіне ұқсайды.) Дұрыс, бұл құрылғы  
шанды сорады. Жарайсыңдар!  
- Ал «электр пеш» орыс тіліндегі электр плитасы - «плита» сөзінен шыққан.  
Жарайсыңдар!

**Ым-ишара негізінде сөздік-ырғақты жаттығу. «Біздің үйдегі көмекшілер».**  
Балаларға бірнеше мамандық иелерінің атауларын, олардың қолданатын құрал-  
жабдықтары арқылы атауды үйрету.

**Антонимдік жұп құрау негізінде сөздік-практикалық жаттығу. «Жеңіл - ауыр. Суық  
- ыстық».**  
Педагог балаларды үстел үстіне шақырады.  
Әр үстелде жартылай суық және суып келе жатқан су құйылған екі стакан (стаканда  
жылу сақталған); ағаш және пластик екі жұп текшелер (немесе ойыншық) тұрады.  
Балалардың міндеті.  
Іс-тәжірибе арқылы қай зат ауыр, қай зат жеңіл екенін анықтау. Балалардың зейіндері  
төмендесе, педагог балаларға кілемге отырып, суретпен жаттығу жасауға шақырады.  
Педагог тұрмыстық техника бейнеленген бірнеше суретті көрсетеді. Суретте бір жағында  
іші бос техника тұр, екінші жақтағы техниканың іші толы. Мысалы, іші бос тоңазытқыш  
және іші азық-түлікке толы тоңазытқыш.  
Балалардың міндеті.  
Көзбен бағдарлау арқылы қай жақтағы зат жеңіл, қай жақтағы зат ауыр екенін анықтау  
керек. **Материалды бекіту және қорытындылау**  
**Күтілетін нәтиже:** балалар тұрмыстық техника туралы тақпақты мұқият тыңдап, таныс  
сөздерді табады, атайды; сөз тіркестеріндегі тұрмыстық техниканың қызметін  
бейнелейтін етістіктерді дұрыс айтуға жаттығады; сөз тіркестер, антонимдік жұптар  
құрауға үйренеді; ойлау, сөйлеу қабілеттері, заттардың сапасына қызығушылықтары  
артады.

педагог қайталап  
айтып отырады.  
- «Шайнек» сөзі  
қандай сөзге  
ұқсайды? (Шай  
сөзіне ұқсайды.)  
Жарайсыңдар!  
- «Тоңазытқыш»  
сөзі қандай сөзге  
ұқсайды?  
(Тоңу сөзіне  
ұқсайды.  
Қайталайық.  
Жарайсыңдар!

Тексерілді:   
Әдіскер А.К.Керубаева

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 20-24 ақпан айы 2022-2023 оқу жылы

Апта күні	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Баламен жеке жұмыс	Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата- ана ларға кеңес беру жұмысы
Жұма 24.02.2023ж.  «Балбөбек» ортаңғы тобы	<p><b>Тұрмыстық техника түрлері.</b> <b>«Кел, сәлемдесейік!» жаттығуы. Ғажайып сәт.</b> Педагог:– Балалар, бізге қонаққа Дана қуыршақ келді. Дана маған таңғажайып затты көргенін айтты. Оның ұзын резеңке мұрны бар. Ол жолында кездескен күл-коқысты жұтып, жеп қояды екен. Данаға көрген заты туралы білуге көмектесейік. Ол не деп ойлайсындар? (Балалардың жауаптары.) Шанды жұта береді, Тап-таза қылып тереді. Резеңкеден мұрыны бар, Жіптей ұзын құйрығы бар. Балалар шаңсорғышты қарастырады. – Шаңсорғыштың бөліктерін атайық: шланг, ажыратқыш, шаң дорбасы. (Шаңсорғыштың қалай жұмыс істейтінін көрсетеді.) – Дана, сені қорқытқан зат - адамдардың көмекшісі. Шаңсорғыш уақытты үнемдеуге көмектесетін техника. <b>Жұмбақ жасыру.</b> Жаз кезінде әкеміз, Бір ақ жәшік әкелді. Ол жәшікте аяз бар, Қысы-жазы бітпейді. Балық, жеміс, көгөніс, Май, ірімшік, сақтайды. Қысы-жазы тағамдар, Балғындығын сақтайды. – Ол не?– Тоназытқыш. Дұрыс айтасындар! Мұз үстінде сырғыған, Шанаға ол ұқсайды. Ал, мыжылған матадан, Ештеңе де қалмайды. Жазып, жайып, үтіктеп, Ыстығымен басады. Суды жұтып аз-аздан, Бұркылдатып шашады. – Ол не? – Үтік. Дұрыс айтасындар! Үлкен, қара жәшіктен, Жаңалық, кино көрсеткен. – Ол не? – Теледидар. Дұрыс айтасындар! Кірлеп қалса киімің, Мәшинеге саласың. Өзі жуып береді,</p>	«Үшіншісі артық» д/о. (артық затты табу, неге екенін түсіндіру) Балалар артық затты табады. Зат не үшін артық болғанын түсіндіреді.	Балалардың күнделікті еркін ойында дербес әрекеттерде ауызекі сөйлеуге жағдай жасау. Артикуляциялық аппаратты дамыту жөніндегі жұмыстар.

	<p>Баса салсаң түймесін. – Ол не? – Кір жуу машинасы. Дұрыс айтасындар!  <b>«Үшіншісі артық» дидактикалық ойыны.</b>  (артық затты табу, неге екенін түсіндіру) Балалар артық затты табады. Зат не үшін артық болғанын түсіндіреді.  <b>Сергіту сәті. «Сым бойымен ток жүгіріп».</b> Сым бойымен ток жүгіріп, (бір орында жүгіру)  Жарық шашар үйлерге. (екі қолдарын жоғары көтеріп, саусақтарының арасын ашады)  Ток жүгір, жүгір, жүгір, (бір орында жүгіру) Ешқайда қашып кетпе. (тоқтап тұру, саусақтарын оңға және солға қозғалту)  Ток қуатын әкеліп, (алақандарын соғады) Теледидар көрсетті. (ауада теледидардың суретін саусақтарымен салу)  Шайнек қайнап, кір жуылып, (екі қолды белге қойып, нықтарын кезек-кезек көтереді, шайнектің қайнағанын көрсету)  Киімдер үтіктелді. (екі қолды кеуде тұсына көтеру, қайшылау) Жаттығуды балалармен бірге екі-үш рет орындау.  <b>«Үйдегі көмекшілеріміз» дидактикалық ойыны.</b>  Балалар «сиқырлы таяқшаны» шеңбер бойымен өткізіп, өз үйлерінде қандай тұрмыстық техника бар екенін айтады. Таяқша кімнің қолына түседі, сол бала бір тұрмыстық техниканың атын атап, оның қандай қызмет атқаратынын айтып беруі керек (бұрын айтылғанды қайталамау). Балалар жауап беруге киналса, педагог бағыттау сұрақтарын қою арқылы көмектеседі.  <b>Артикуляциялық жаттығуы.</b> Дар-дар-дар-дар, Үлкен, қара те- ле-ди-дар! Ік-ік-ік-ік, Абай бол! Ыстық үтік!  Гыш-гыш-гыш-гыш, Көмекші шаң-сор-гыш! Балалармен бірге бірнеше рет қайталайды. Р, Ғ, І дыбыстарының дұрыс дыбысталуына мән беру.  <b>Кейіпкермен қоштасу. Ойын рефлексиясы.</b>  <b>Күтілетін нәтиже:</b> тұрмыстық техниканың түрлері туралы, тұрмыстық техниканың мақсаты туралы біледі, оларды мақсатына қарай ажыратады. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, қазақ тіліндегі сөздерді есту арқылы қабылдау қабілеті қалыптасады және монологтық сөйлеу негіздері, ойлау қабілетін меңгереді, жағымды көңіл күйін білдіре алады. Тұрмыстық техниканы қолдану кезінде ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа дағдыланады.</p>		
<p>Жұма 24.02.2023ж. «Балдырған» ересек тобы</p>	<p><b>«Біз қармен қалай ойнадық?» әңгімесін мәнерлеп оқу. Биік - аласа. Тар - жіңішке.</b>  <b>Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!»</b>  Тыныштандыратын әуен қосылады.  <b>Суретті көрсету.</b>  Педагог екі ағашты көрсетеді: биік және аласа. Олардың алдыңғы жағында тазаланған</p>	<p>Сюжетті суретті қортындылау негізінде сәйкестендіру, бөліктерді тұтастандыруға арналған жаттығу.</p>	<p>Қыс мезгіліне байланысты жұмбақтар шешуге қызығушылықтарын оят</p>

	<p>екі жол жатады. Биік ағаштан кең жол, аласадан тар жол көрінеді.      Қарама-қарсы мағыналы сөздер жұптарын құрауға арналған сөздік жаттығу. «Биік - аласа. Тар - кең».</p> <p><b>Ым-ншара мен такпақтау негізінде сөздік жұмыс. «Мынаны не істейміз?»</b>      Педагог балаларды интербелсенді тақта немесе көрнекіліктерге арналған тақта алдына жарты шеңбер болып отыруға шақырады. Жаттығуды ұйымдастыру үшін педагог шумақтың әр жолын бейнелейтін суретті сызбаларды қолданады.      Міндеті. Кезекті жолды оқыған кезде төмендегі қажет суретті сызбаны қою керек.  <b>Суретті сызба негізінде елестету арқылы әңгімені оқу. «Балалар қармен қалай ойнады?»</b>  <b>Әңгімені бірінші рет оқу. «Балалар қармен қалай ойнады?»</b>      (сұрақ –жауап кезінде туыстық қарым-қатынасты сөздер қолданылады.)      Қайталап оқып, әңгіменің моделін құрау. «Балалар қармен қалай ойнады?»      Педагог: - Балалар, қазір мен сендерге әңгімені оқимын. Сендер әңгімедегі оқиғаларға ұқсас суреттерді қоя бастандар.      Естуге және артикуляцияға арналған жаттығу. «Сөзді тап».      Педагог:- Балалар, қазір мен жұмбақ жасырамын. Сендер жұмбақты мұқият тындап, шешуін табындар. Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы. Қыста қардан туатын, Тауып көрші, сен оны ... (Аққала.) Нәзік белі бұралған, Ұшы біздей қадалған. Қар үстінде жорғалап,Басқан ізін бояған ... (Коньки.) Табаныма байладым, Қос таяқпен айдадым ... (Шанғы.)  <b>Сюжетті суретті қортындылау негізінде сәйкестендіру, бөліктерді тұтастандыруға арналған жаттығу.</b>      Педагог:- Қазір мен сендерге бір сиқыр көрсетемін.Педагог әңгіме желісі бойынша бейнеленген үлкен сюжетті суретті көрсетеді.  <b>Бекіту және қорытындылау.</b>  <b>Күтілетін нәтиже:</b> «Біз қармен қалай ойнадық?» әңгімесімен танысады. Қысқы өзгерістер туралы біледі, қысқы қызықтар жайлы түсініктері қалыптасады. «Биік - аласа», «тар - кең» шамалары туралы біледі. Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді үйренеді.</p>	<p>Педагог:- Қазір мен сендерге бір сиқыр көрсетемін.Педагог әңгіме желісі бойынша бейнеленген үлкен сюжетті суретті көрсетеді.</p>	<p>жұмыстарын жалғастыру. Қызықты ертегі оқып беруге кеңес беру.</p>
--	---	---	--

Тексерілді: *Жеңіл*  
 Әдіскер А.К.Керуенбаева

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МККК «Балапан» МДҰ  
 Топ: «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы  
 Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар  
 Жоспардың құрылу кезеңі 27 ақпан -03 наурыз айы 2022-2023 оқу жылы

Апта күні	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Баламен жеке жұмыс	Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы
<p>Жұма 03.03.2023ж.</p> <p>«Балбөбек» ортаңғы тобы</p>	<p><b>Сиқырлы қорап.</b>                      Ғажайып сәт. Қорап көрсетіледі.  <b>Кіріспе әңгіме. Педагог:</b>                      - Балалар, менде қорап бар. Оның ішінде не бар екен? Қорапты ақырын сілкіп көру.                      Балалар оның ішінде бірдеңе барын, бірдеңе сынғырлайтынын естиді.  <b>«Қораптың ішінде не бар?» д/о.</b>                      Мақсаты: қораптан алып шыққан ойыншықты атауды, заттарды «ойыншықтар» жалпылауыш сөзімен атауды үйрету.                      Ережесі: әр бала ортаға шыққан кезде педагог оларға бір-бір ойыншықтан алуына мүмкіндік тугызады. Балалармен бірге қарастырады, зерттейді, үстелдің үстіне бір қатарға қояды. Затты дұрыс атау мен достарының жауаптарын қайталауды қолпаштайды. Балалар, мынау ойыншықтар. Ойыншықтар. Қайталаймыз. Жарайсындар!                      - Балалар, ойыншықтар сендермен ойнағысы келеді.  <b>Сергіту сәті. «Бізбен бірге ойнаңдаршы».</b>                      Орташа темптегі ритмикалық әуеннің аудиожазбасы.                      Ойыншықтарым, отырмандар, (сұқ саусақты көрсету)                      Шеңбер бойымен зырландар.(шеңберге тұру немесе бір орнында айналу)                      Қол созады қуыршақтар, (қолдарын алға қарай созады)                      Түйістіріп жұдырық. (өзара жұдырықтарын түйістіріп соғу)                      Қояндар секіреді, (екі аяқпен бірге секіру)                      Мәшинелер жүреді. (рульді бұрғандай қимыл жасайды)                      Отырған тек текшелер, (тізе бүгіп, жүресінен отырады)                      Балаларға қызығып. (тыныс алуын бір қалыпқа келтіру)                      Педагог өлең жолдарын мәнерлеп оқиды. Балалар өлең жолдарында кездесетін қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуын қолпаштайды. Балалар шеңберге өздіктерінен тұра</p>	<p>«Қораптың ішінде не бар?» д/о.                      Мақсаты: қораптан алып шыққан ойыншықты атауды, заттарды «ойыншықтар» жалпылауыш сөзімен атауды үйрету.</p>	<p>Бала бойында баланың тілдік қабілетін арттыратын педагог пен балалар арасындағы оң қарым-қатынастарды қалыптастыру.</p>

	<p>калуды үйренбеген болса, оларды кілемнің ортасына шақырып, жаттығуды еркін түрде орындатуға болады.</p> <p><b>«Не алып келдің?» ойыны.</b> Шарты: педагог көрсеткішпен ойыншықтарға нұсқап, оларды айналдыра көрсетеді.</p> <p><b>«Мә, допты ала ғой» ойыны.</b> Шарты: балалар жарты шеңбер құрып отырады, допты бір-біріне беріп: «Мә, допты ала ғой» деп айту керек. Ең соңғы ойыншы допты педагогке табыстағанға дейін ойын ойнатыла береді. Кейбір балалар жауап бермесе, оларға да допты алып «мә, допты ала ғой» деп айтып, мүмкіндік беру қажет.</p> <p><b>«Ойыншықтар шаршады» рефлексия.</b> Тынығуға шақырады. Әдемі, баяу әуен ойнатылады.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> сөздерді байланыстырып сөйлеуге қалыптасады. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып сұрақтарға жауап береді.</p>		
<p><b>Жұма</b> <b>03.03.2023ж.</b></p> <p><b>«Балдырған»</b> <b>ересек тобы</b></p>	<p><b>Төрт түліктің несі. «Қ», «Ү» дыбысы.</b> <b>Шаттық шеңбері.</b> Армысың, нұрлы күн! Армысың қасиетті Жер – ана! Армысындар, менің достарым! - Күніміз жарқын болсын! - Аспанымыз ашық болсын! - Деніміз сау болсын! - Күніміз сәтті болсын! - Қайырлы таң! - Қайырлы күн! <b>Көркемсөз.</b> Қозы бар, Құлын бар. Желпілдеген тұлым бар. Бұзау бар, Лақ бар. Сылдырар бұлақ бар ... – Такпақ не туралы? – Үй жануарлары туралы.</p> <p>Педагог суретке негізделген төрт түліктің пайдасы туралы, олардың төлдері, қалай дыбыстап шақырылатынын атап, ақпарат береді. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.</p> <p><b>Д/о: «Дыбысын тап».</b> Шарты: төрт түлік малдың дыбысын қосады, балалар қай малдың дыбысы екенін табулары керек.</p> <p><b>Көрүмен есту зейініне арналған сөздік жаттығу.</b> <b>«Үй жануарларын ата, есіңе сақта».</b> Педагог үй жануарлары-төрт түліктің көрнекі (заттық) суреттерін дайындайды: сиыр, жылқы, қой, ешкі. Ү дыбысының артикуляциялық қалпы. 1. Ү дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп, алға қарай жиырылады. 2. Үстіңгі тістер мен астыңғы тістердің арасы белгілі қашықтықты сақтайды.</p>	<p><b>Д/о: «Дыбысын тап».</b> Шарты: төрт түлік малдың дыбысын қосады, балалар қай малдың дыбысы екенін табулары керек.</p>	<p><b>Жанылтпаш.</b> Үш аша, Үшкір ме ұшы аса? Үйшік жаса күшін үшін, Кең қып жаса үйшік үшін.</p>

	<p><b>Сергіту сәті.</b> "Үяларына қонындар!" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p><b>Артикуляциялық жаттығу «Ү», « Ү» дыбысын дұрыс айтуға үйрету.</b></p> <p>Көктемде ұшып келген құстардың тыныс-тіршілігі туралы бейнеролик көрсету.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> қазақ тіліне тән ерекше дыбысы «Ү» , «Ү»дыбысын дұрыс айтады; құстар туралы біледі, оларды жыл мезгіліне орай ажыратады. Ертегіге байланысты өз ойын айтады, шығарма мазмұнына сәйкес жауап береді.</p>		
<p><b>Жұма</b> <b>10.03.2023ж.</b></p> <p>«Балдырған» ересек тобы</p>	<p><b>«Біз қармен қалай ойнадық?» әңгімесін мәнерлеп оқу. Биік - аласа. Тар - жіңішке.</b></p> <p><b>Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!»</b></p> <p>Тыныштандыратын әуен қосылады.</p> <p><b>Суретті көрсету.</b></p> <p>Педагог екі ағашты көрсетеді: биік және аласа. Олардың алдыңғы жағында тазаланған екі жол жатады. Биік ағаштан кең жол, аласадан тар жол көрінеді.</p> <p>Қарама-қарсы мағыналы сөздер жұптарын құрауға арналған сөздік жаттығу. «Биік - аласа. Тар - кең».</p> <p><b>Ым-нишара мен тақпақтау негізінде сөздік жұмыс. «Мынаны не істейміз?»</b></p> <p>Педагог балаларды интербелсенді тақта немесе көрнекіліктерге арналған тақта алдына жарты шеңбер болып отыруға шақырады. Жаттығуды ұйымдастыру үшін педагог шумақтың әр жолын бейнелейтін суретті сызбаларды қолданады.</p> <p>Міндеті. Кезекті жолды оқыған кезде төмендегі қажет суретті сызбаны қою керек.</p> <p><b>Суретті сызба негізінде елестету арқылы әңгімені оқу. «Балалар қармен қалай ойнады?»</b></p> <p><b>Әңгімені бірінші рет оқу. «Балалар қармен қалай ойнады?»</b></p> <p>(сұрақ –жауап кезінде туыстық қарым-қатынасты сөздер қолданылады.)</p> <p>Қайталап оқып, әңгіменің моделін құрау. «Балалар қармен қалай ойнады?»</p> <p>Педагог: - Балалар, қазір мен сендерге әңгімені оқимын. Сендер әңгімедегі оқиғаларға ұқсас суреттерді қоя бастандар.</p> <p>Естуге және артикуляцияға арналған жаттығу. «Сөзді тап».</p> <p>Педагог:- Балалар, қазір мен жұмбақ жасырамын. Сендер жұмбақты мұқият тыңдап, шешуін табындар. Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы. Қыста қардан туатын, Тауып көрші, сен оны ... (Ақсала.) Нәзік бөлі бұралған, Ұшы біздей қадалған. Қар үстінде жорғалап,Басқан ізін бояған ... (Коньки.) Табаныма байлады, Қос таяқпен айдадым ... (Шаңғы.)</p> <p><b>Сюжетті суретті қортындылау негізінде сәйкестендіру, бөліктерді тұтастандыруға арналған жаттығу.</b></p> <p>Педагог:- Қазір мен сендерге бір сикыр көрсетемін.Педагог әңгіме желісі бойынша бейнеленген үлкен сюжетті суретті көрсетеді.</p> <p><b>Бекіту және қорытындылау.</b></p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> «Біз қармен қалай ойнадық?» әңгімесімен танысады. Қысқы өзгерістер туралы біледі, қысқы қызықтар жайлы түсініктері қалыптасады. «Биік - аласа», «тар - кең» шамалары туралы біледі. Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді үйренеді.</p>	<p>Сюжетті суретті қортындылау негізінде сәйкестендіру, бөліктерді тұтастандыруға арналған жаттығу.</p> <p>Педагог:- Қазір мен сендерге бір сикыр көрсетемін.Педагог әңгіме желісі бойынша бейнеленген үлкен сюжетті суретті көрсетеді.</p>	

3. Тілдің ұшы астыңғы тіске тіреледі, екі жағы көтеріледі, үстінгі азу тістерге қабысады.  
- Үзеңгі сөзін (*үзеңгінің мағынасын ашып кету*) буынға бөле қойыңдар. Үзеңгі - көлікке міну үшін жасалған, ер-тұрман әбзелінің аяқ салатын бөлігі.  
- Ү - зең - гі (үш буын бар).  
- Үкі, үзеңгі, Үміт, үш, үйрек деген сөздер қандай дыбыстан басталып тұр?  
- Ү - ү - ү (хормен айту).  
- Ү - қандай дыбыс деп ойлайсыңдар?  
- Ү - жінішке дауысты дыбыс, созылып айтылады.

**Мәтін жолдарында [к] дыбысын есту, ажырату д/о.**  
Шарты: педагог жаңылтпашты мәнерлеп оқиды, [к] дыбысын дауыс ырғағымен анық көрсетеді. Балалар қай дыбыстың, қай сөздерде естілгенін айтып болғаннан кейін, сол жаңылтпашты педагогпен бірге қосылып айтып жатады.

Қондық жаңа қонысқа, Қалың екен жоңышқа.  
Қоныстағы жоңышқа, Оралады қонышқа!  
**Жаңылтпаш айтқызу.**  
Үш аша, Үшкір ме ұшы аса? Үйшік жаса күшін үшін, Кең қып жаса үйшік үшін.  
**Сергіту сәті.**  
Қақпаға туралап, Ұр допты оң аяқ. Қақпаға туралап,  
Ұр допты сол аяқ. Оң аяқ, сол аяқ Жаттығу онай-ақ.  
Тыйым сөздер: «Малды теппе», «Ақты төкпе», «Малды ұрма»  
**Күтілетін нәтиже:** сұрақтарға жауап бере алады. К, Ү дыбыстарын анық айтады.  
Жаңылтпашты жаңылмай айта алады. Жұмбақтың шешуін табыды, төрт түлік жайында біледі.